



БҰЙРЫҚ

02.09.2025 ж.

ПРИКАЗ

141/2

**Ыстық тамақ пен бракераж
комиссиясын ұйымдастыру,
Алақап жүйесінде "Әлеуметтік
әмиянға" жауапты тұлғаларды
тағайындау туралы**

"Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларға арналған білім беру ұйымдарында, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін және оқитын балаларды тамақпен қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына және Ақмола облысы білім басқармасының 2024 жылғы 26 наурыздағы "Алақап" (СКУД) аппараттық-бағдарламалық кешенін орнату туралы №119 бұйрығына сәйкес, 2025–2026 оқу жылына оқушыларды сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Басшының ТЖ жөніндегі орынбасарының м. а. Н. М. Жунусбекова, И. А. Гурущук, әлеуметтік педагог А. А. Яковлева, бас бухгалтер Л. А. Папенова 2025 жылғы 2 қыркүйектен бастап 1-11-і сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуді жалғастырсын.
2. Әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушыларға тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну бойынша сапалы мемлекеттік қызмет көрсету қамтамасыз етілсін.
3. 2025 жылғы 2 қыркүйектен бастап тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі бракераж комиссиясының құрамы бекітілсін:
А. Д. Есенаманова, басшының м. а. – комиссия төрағасы;
Ю. А. Овчар, медицина қызметкері;
Г. С. Жунусова – басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары;
И. А. Гурущук - басшының ТЖ жөніндегі орынбасарының м.а.,;
Н. М. Жунусбекова - басшының ТЖ жөніндегі орынбасарының м.а.;
А. А. Яковлева - әлеуметтік педагог;
Қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің өкілдері.
4. Әлеуметтік педагог А. А. Яковлева мектепте тамақтануды ұйымдастыруға және Алақап жүйесінде "Әлеуметтік әмиянға" жауапты болып тағайындалсын. Басшының ӘШБ жөніндегі орынбасары С. А. Лукьяненко және медицина қызметкері ас блогындағы жабдықтардың тізбесін толтырсын, санитарлық нормаларды қатаң сақтасын, жыл бойы мектеп бойынша ауыз су режимін сақтасын, қажет болған жағдайда диеталық үстел ұйымдастырсын.

5. К. В. Воеводина - информатика пәнінің мұғалімі, балаларды Алақан жүйесінде тіркеуге жауапты болып тағайындалсын.
6. Асханада әкімшілік пен педагогтердің кезекшілік кестесі бекітілсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшының м.а.



А. Д. Есенаманова

Бұйрықпен таныстым:

Орынд.: К.Т. Васильков.
Тел.: 7-55-94